

Еңбек мобиЛЬділігі орталықтары мен мансап орталықтары жұмыскерлерінің үздіксіз кәсіптік даму қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2024 жылғы 14 қазандағы № 397 бұйрығы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 18 ақпандығы № 81 қаулысымен берілген Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 98-2) тармақшасына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Еңбек мобиЛЬділігі орталықтары мен мансап орталықтары жұмыскерлерінің үздіксіз кәсіптік даму қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Халықты жұмыспен қамту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрі

С. Жакупова

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі
2024 жылғы 14 қазандағы
№ 397 бұйрығына
қосымша

Еңбек мобиЛЬділігі орталықтары мен мансап орталықтары жұмыскерлерінің үздіксіз кәсіптік даму қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Еңбек мобиЛЬділігі орталықтары мен мансап орталықтары жұмыскерлерінің үздіксіз кәсіптік даму қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 18 ақпандығы № 81 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 98-2) тармақшасына сәйкес өзірленді және еңбек мобиЛЬділігі орталықтары мен мансап орталықтары жұмыскерлерінің үздіксіз кәсіптік даму тәртібін анықтайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) еңбек мобиЛЬділігі орталығы – жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларын өзірлеу және іске асыру мақсатында облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы құратын заңды тұлға;

2) еңбек мобиЛЬділігі орталығының (mansap орталығының) жұмыскері (бұдан әрі – жұмыскер) – "Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту ұйымдарының басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 25 қазандығы № 360 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16057 болып тіркелген) айқындалған қажетті біліктілігі бар, еңбек мобиЛЬділігі орталығында (mansap орталығында) кәсіптік қызметті жүзеге асыратын маман не басшы;

3) еңбек мобиЛЬділігі орталықтары (mansap орталықтары) жұмыскерлерінің біліктілігін арттыру – жаңа білім алып, бұрын алған кәсіптік білімдерін, біліктерін, дағдыларын қолдауға, кенейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік беретін кәсіптік оқыту нысаны;

4) еңбек мобиЛЬділігі орталықтары (mansap орталықтары) жұмыскерлерінің үздіксіз кәсіптік дамуының онлайн-платформасы (бұдан әрі – платформа) – еңбек мобиЛЬділігі орталығы (mansap орталығы) жұмыскерінің біліктілігін арттыру және оны онлайн режимде аттестаттау мүмкіндігін қамтамасыз ететін ақпараттық жүйе.

5) еңбек мобиЛЬділігі орталықтары (mansap орталықтары) жұмыскерлерінің біліктілігін арттыру ұйымы (бұдан әрі – біліктілікті арттыру ұйымы) – Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 16-бабының 2-тармақшасына сәйкес жергілікті атқарушы органдар мен еңбек мобиЛЬділігі орталықтары (mansap орталықтары) мамандарының біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын Еңбек ресурстарын дамыту орталығының құрылымдық бөлімшесі;

6) жеке оқу жоспары – міндетті түрде өту керек оқу курстары (модульдері) стандартын қамтитын құнтізбелік жылға арналған еңбек мобиЛЬділігі орталығы (mansap орталығы) жұмыскерінің құзыреттерін дамыту жоспары;

7) кәсіптік-бейімдеу даярлығы – еңбек мобиЛЬділігі орталығына (mansap орталығына) алғаш қабылданған немесе жаңадан қызметке кірген жұмыскерлерді бейімдеуге және оқытуға бағытталған даярлау процесі;

8) мансап орталығы – аудандарда, облыстық және республикалық маңызы бар қалаларда, астанада өз функцияларын орындауды жүзеге асыратын еңбек мобиЛЬділігі орталығының филиалы;

9) Еңбек ресурстарын дамыту орталығы – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша уәкілетті мемлекеттік органның жаңынан құрылатын, еңбек нарығын ақпараттық-талдамалық жағынан сүйемелдеуді, жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын, жұмыспен қамту қызметтерін әдіснамалық жағынан қолдауды, әлеуметтік-еңбек саласының бірыңғай ақпараттық жүйесін дамыту мен қолданауды қамтамасыз ететін заңды тұлға;

10) оку курсының (модульдің) стандарты – оку курсы (модуль) туралы ақпаратты, окуға қатысу үшін қажетті біліктіліктерді, оку нәтижелерін, оку курсының құрылымы мен мазмұнын қамтитын құжат;

11) үздіксіз кәсіптік даму – еңбек мобиЛЬділігі орталықтарының (mansap орталықтарының) функцияларын іске асырудың жоғары сапасын қамтамасыз ету үшін кәсіптік құзыреттер мен шеберлікті мақсатқа сай қолдау және дамыту, сондай-ақ біліктілікті арттыру және аттестаттау, кәсіптік-бейімдеу даярлығы және еңбек мобиЛЬділігі орталықтары (mansap орталықтары) жұмыскерлерін дамытудың басқа да түрлері;

12) ішкі жаттықтырушы – халықты жұмыспен қамту саласында кемінде екі жыл жұмыс өтілі бар, жоғары кәсіптік қасиеттері бар, сондай-ақ жаттықтырушыларды даярлау бағдарламасы бойынша оқытудан өткен және еңбек мобиЛЬділігі орталықтарының (mansap орталықтарының) жұмыскерлерін оқытуды жүзеге асыратын басқарушылық және негізгі персонал қатарындағы еңбек мобиЛЬділігі орталығының жұмыскері.

13) тәлімгер – еңбек мобиЛЬділігі орталығына (mansap орталығына) алғаш қабылданған немесе жаңадан қызметке кірген, оған кәсіптік бейімделуіне практикалық көмек көрсететін жұмыскерге бекітіліп берілетін еңбек мобиЛЬділігі орталығының (mansap орталығының) жұмыскері.

3. Еңбек мобиЛЬділігі орталығы (mansap орталығы) жұмыскерінің үздіксіз кәсіптік дамуы осы Қағидаларға сәйкес оны жұмысқа қабылдау туралы еңбек мобиЛЬділігі орталығының уәкілетті тұлғасының бүйріғы шыққан сәттен бастап тұрақты негізде жүргізіледі.

4. Еңбек мобиЛЬділігі орталықтары (mansap орталықтары) жұмыскерлерінің үздіксіз кәсіптік дамуы мыналарды қамтиды:

1) еңбек мобиЛЬділігі орталықтары (mansap орталықтары) жұмыскерлерін кәсіптік-бейімдеу даярлығы;

2) еңбек мобиЛЬділігі орталықтарының (mansap орталықтарының) жұмыскерін оқытуудың жеке жоспарын қалыптастыру;

3) еңбек мобиЛЬділігі орталықтарының (мансап орталықтарының) жұмыскерлерін үздіксіз кәсіптік оқыту;

4) ішкі жаттықтырушылармен оқытуды ұйымдастыру.

5. Еңбек мобиЛЬділігі орталығы Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 20-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес (мансап орталықтары) жұмыскерлерінің кәсіптік дамуы мен біліктілігін арттыруды қамтамасыз етеді.

2-тарау. Еңбек мобиЛЬділігі орталықтары (мансап орталықтары) жұмыскерлерінің үздіксіз кәсіптік даму тәртібі

1-параграф. Кәсіптік-бейімдеу даярлығы

6. Еңбек мобиЛЬділігі орталығына (мансап орталығына) алғаш рет қабылданған немесе жаңадан қызметке кірген басқарушы немесе негізгі персонал қатарындағы жұмыскер сынақ мерзімінен өту кезеңінде бір айдан үш айға дейінгі мерзімде кәсіптік-бейімдеу даярлығынан өтеді.

7. Кәсіптік-бейімдеу даярлығынан өту кезеңінде еңбек мобиЛЬділігі орталығының (мансап орталығының) жұмыскеріне тәлімгер бекітіледі.

Тәлімгерді еңбек мобиЛЬділігі орталығына (мансап орталығына) алғаш қабылданған немесе жаңадан қызметке кірген жұмыскерге бекіту еңбек мобиЛЬділігі орталығының уәкілетті тұлғасының оны жұмысқа қабылдау туралы бұйрығы негізінде жүргізіледі.

8. Тәлімгер оны тәлімгер етіп бекіткеннен кейін үш жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кәсіптік-бейімдеу даярлығынан өтіп жатқан жұмыскерді бейімдеу жоспарын әзірлейді.

9. Кәсіптік-бейімделу даярлығынан өтіп жатқан жұмыскер жұмысқа қабылданған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде біліктілікті арттыру ұйымы әзірлеген бағдарлама бойынша бейімдік оқытудан өтеді.

10. Бейімдік оқыту Платформа арқылы қашықтықтан оқыту тәсілімен жалақыны сақтай отырып, еңбек қызметінен ішінара қол үзіп ұйымдастырылады.

11. Кәсіптік-бейімдеу даярлығынан өтетін жұмыскер еңбек мобиЛЬділігі орталығында (мансап орталығында) жұмыс ортасында зерделенген тақырыптар бойынша міндетті практикамен тәлімгердің басшылығымен дербес бейімдік оқытудан өтеді.

12. Кәсіптік-бейімдеу даярлығынан өткеннен кейін еңбек мобиЛЬділігі орталығының (мансап орталығының) жұмыскері Платформа арқылы бейімделу жоспарының орындалуы туралы есеп дайындауды.

13. Тәлімгерлік аяқталғаннан кейін тәлімгер кәсіптік-бейімдеу даярлығынан өткен жұмыскердің бейімделу жоспарының орындалуын бағалайды.

14. Бейімделу жоспарының орындалуы туралы ақпаратты қарау қорытындысы бойынша тәлімгер үш жұмыс күні ішінде жұмыскердің сынақ мерзімінен өтуі не өтпеуі туралы шешім шығарады.

2-параграф. Жеке оқу жоспарын қалыптастыру тәртібі

15. Еңбек мобиЛЬділігі орталығының (мансап орталығының) жұмыскерін оқытудың жеке жоспарында күнтізбелік жыл ішінде өтуге міндettі оқу курсының (модульдің) стандарты бойынша кемінде 40 (қырық) академиялық оқу сағаты белгіленеді.

Академиялық сағат 60 (алпыс) минутты құрайды.

16. Еңбек мобиЛЬділігі орталығы (мансап орталығы) жұмыскерін оқытудың жеке жоспары еңбек мобиЛЬділігі орталықтары (мансап орталықтары) жұмыскерлерінің құзыреттерін дамыту деңгейін бағалау негізінде қалыптастырылады.

17. Жыл сайын ағымдағы жылдың 15 қарашасынан кешіктірмей еңбек мобиЛЬділігі орталықтарының (мансап орталықтарының) жұмыскерлері келесі нысандарда құзыреттердің даму деңгейін бағалаудан өтеді:

1) біліктілікті арттыру ұйымы әлеуметтік қорғау, жұмыспен қамту және еңбек мобиЛЬділігі орталықтарының (мансап орталықтарының) қызметі мәселелері бойынша ведомстволық және әкімшілік есептілікті жинау және талдау жолымен жүргізетін құзыреттердің даму деңгейін сырттай бағалау.

2) Платформа арқылы сауалнамадан өту арқылы құзыреттіліктің даму деңгейін дербес бағалау.

18. Еңбек мобиЛЬділігі орталықтары (мансап орталықтары) жұмыскерлерінің құзыреттерін дамыту деңгейін бағалау нәтижелерін жалпылау қорытындылары бойынша біліктілікті арттыру ұйымы Платформа арқылы келесі жылға еңбек мобиЛЬділігі орталықтары (мансап орталықтары) жұмыскерлерін оқытудың жеке жоспарын қалыптастырады;

19. Еңбек мобиЛЬділігі орталығының (мансап орталығының) жұмыскеріне Платформадағы жеке кабинетте оқу курсарының (модульдерінің) тізбесі, оқытуды өткізу кестесі, сондай-ақ жеке оқыту жоспарының орындалу мәртебесі көрсетілген жеке оқу жоспары көрсетіледі.

20. Еңбек мобиЛЬділігі орталығы (мансап орталығы) жұмыскерін оқытудың жеке жоспары:

1) еңбек мобиЛЬділігі орталығы (мансап орталығы) жұмыскерінің қосымша оқу курсарын (модульдерін) өз бетінше таңдауы кезінде;

2) жұмыскердің құзыреттерінің даму деңгейін сыртқы бағалау қорытындылары бойынша лауазымдық міндettерді орындау үшін кәсіптік құзыреттердің болмауына байланысты еңбек мобиЛЬділігі орталығының (мансап орталығының) жұмыскері оқу курсынан (модульден) өту не қайта өту қажет болған кезде түзетіледі немесе толықтырылады.

21. Еңбек мобиЛЬділігі орталығының (мансап орталығының) жұмыскері құнтізбелік жыл ішінде оку курсарының (модульдерінің) кемінде 40 (қырық) академиялық сағатын аяқтамаған жағдайда, онда жеке оку жоспары орындалмаған болып есептеледі.

3-параграф. Ұздіксіз кәсіптік оқыту тәртібі

22. Еңбек мобиЛЬділігі орталығының (мансап орталығының) жұмыскерін үздіксіз кәсіптік оқыту оның жеке оку жоспарына сәйкес лауазымдық міндеттеріне сай келетін және құзыреттерін дамытуға бағытталған бағыттар бойынша еңбек мобиЛЬділігі орталығының (мансап орталығының) жұмыскерінің біліктілігін арттыру жолымен жүзеге асырылады.

Еңбек мобиЛЬділігі орталықтары (мансап орталықтары) жұмыскерлерінің біліктілігін арттыруды біліктілікті арттыру үйімі, сондай-ақ еңбек мобиЛЬділігі орталықтары жұмыскерлерінің ішінен ішкі жаттықтырушылар жүзеге асыра алады.

Еңбек мобиЛЬділігі орталықтары (мансап орталықтары) жұмыскерлерінің біліктілігін арттыру осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес оку курсының (модулінің) стандартына сәйкес біліктілікті арттыру үйімі әзірлеген оку курсары (модульдері) бойынша жүргізіледі.

23. Еңбек мобиЛЬділігі орталығының (мансап орталығының) жұмыскерін үздіксіз кәсіптік оқыту мынадай оқыту нысандарын пайдалана отырып, жалақысын сақтай отырып, еңбек қызметінен қол үзбей не қол үзіп үйімдастырылады:

1) ішкі жаттықтырушыларды, біліктілікті арттыру үйімінің жаттықтырушыларын, жұмыспен қамту және (немесе) құзыреттерді дамыту саласындағы ұлттық және халықаралық сарапшыларды тарта отырып, Платформа арқылы қашықтықтан форматта өткізілетін вебинар;

2) ішкі жаттықтырушыларды, біліктілікті арттыру үйімінің жаттықтырушыларын, жұмыспен қамту және (немесе) құзыреттерді дамыту саласындағы ұлттық және халықаралық сарапшыларды тарта отырып, аудиторияда өткізілетін күндізгі семинар;

3) Платформа арқылы қолжетімді онлайн оку курсы (модуль).

24. Оқыту еңбек мобиЛЬділігі орталығы (мансап орталығы) жұмыскерінің таңдауы бойынша мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі.

25. Оку курсы (модуль) еңбек мобиЛЬділігі орталығының (мансап орталығының) жұмыскерінің толық оку курсын (модулін) өтуі және тестілеуді сәтті тапсыруы бойынша аяқталған болып есептеледі.

Өткен оку курсының (модульдің) уақыты мен нәтижелерін есепке алу платформадағы еңбек мобиЛЬділігі орталығы (мансап орталығы) жұмыскерінің жеке кабинеті арқылы жүзеге асырылады.

26. Оқу курсын сәтті аяқтаған еңбек мобиЛЬділігі орталықтарының (мансал орталықтарының) жұмыскерлеріне Платформа арқылы оқу курсының электрондық түрде аяқталғанын растайтын сертификат беріледі.

Сертификатта оқу курсынан өткен еңбек мобиЛЬділігі орталығының (мансал орталығының) жұмыскері туралы мәліметтер (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)), оқу курсының атауы, академиялық сағат саны, Платформада автоматты түрде жасалатын QR-код түріндегі сертификаттың бірегей нөмірі (машинамен оқылатын оптикалық белгі) және сертификаттың берілген күні көрсетіледі.

27. Үздіксіз кәсіптік оқыту нәтижелері Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жарамды.

4-параграф. Ішкі жаттықтырушыларды оқытуды ұйымдастыру

28. Еңбек мобиЛЬділігі орталықтары (мансал орталықтары) жұмыскерлерінің кәсіптік дамуын және біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету үшін оларды еңбек мобиЛЬділігі орталықтарының ішкі жаттықтырушыларының оқытуы ұйымдастырады.

28. Ішкі жаттықтырушыларды тағайындау оны жұмысқа қабылдау туралы Еңбек мобиЛЬділігі орталығының уәкілетті тұлғасының бұйрығы негізінде жүргізіледі.

29. Ішкі жаттықтырушы біліктілікті арттыру ұйымы әзірлеген жаттықтырушыларды даярлау бағдарламасы бойынша оқытудан өтеді.

30. Біліктілікті арттыру ұйымы ішкі жаттықтырушыларының жұмысын үйлестіреді.

31. Ішкі жаттықтырушы еңбек мобиЛЬділігі орталықтары (мансал орталықтары) жұмыскерлерінің оқыту қажеттілігіне сәйкес жұмыс жоспарын жасайды және жұмыс жоспарына сәйкес оқытуды жүргізеді.

Еңбек мобиЛЬділігі орталықтары
мен мансап орталықтары
жұмыскерлерінің үздіксіз
кәсіптік даму қағидаларына
1-қосымша
Нысан
"БЕКІТІЛГЕН"

20_ж. "___"

Кәсіптік-бейімдеу даярлығынан өту кезеңіне еңбек мобиЛЬділігі орталығы (мансал орталығы) жұмыскерін бейімдеу жоспары

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	_____
Құрылымдық бөлімше	_____
Лауазымы	_____
Жұмысқа шығу күні	_____
Сынақ мерзімінің аяқталу күні	_____

Тәлімгердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса),
лауазымы

№ п/с	Іс-шараның атауы	Жоспарланған нәтиже	Іс-шараның аяқталу уақыты	Орындалған іс-шараның бағасы (2-ден 5-ке дейін)	Тәлімгердің қолы
I. Еңбек мобиЛЬДІЛІГІ ОРТАЛЫГЫНЫҢ (МАНСАП ОРТАЛЫГЫНЫҢ) ҚЫЗМЕТІН ЗЕРДЕЛЕУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ІС-ШАРАЛАР					
1					
2					
...					
II. БЕЙІМДІК ОҚЫТУДАН ӘТҮГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ІС-ШАРАЛАР					
1					
2					
...					
III. АТҚАРАТЫН ЛАУАЗЫМЫНЫҢ КӘСІПТІК ЕРЕКШЕЛІГІН ЗЕРДЕЛЕУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ІС-ШАРАЛАР					
1					
2					
...					

Бейімделу жоспарымен таныстыым _____
(қолы) (қолының толық жазылуы)

Күні: 20 ____ ж. "____"

Еңбек мобиЛЬДІЛІГІ ОРТАЛЫҚТАРЫ
мен мансап орталықтары
жұмыскерлерінің үздіксіз
кәсіптік даму қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Оқу курсының (модулінің) стандарты

Атауы	
Сәйкестендіргіш	
Оқыту нысаны	
Сағат саны	
Бизнес-процесстердің функционалдық карталары	
Күзыреттер	
Лауазымы	
Біліктіліктің ең төменгі деңгейі	

Оқу курсының соңында тыңдаушылар мыналарды біліп шығады:

Оқу курсының құрылымы:

Модульдер	Атауы	Ұзақтығы, сағ

Оқу курсының мазмұны:

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК